
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО, СЕМЕЙНОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС CIVIL LAW, FAMILY LAW AND CIVIL PROCEDURE

DOI 10.31489/2023L2/92-100

ӨОЖ 34.4414

Р.А. Тоқатов, Г.А. Ильясова *

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: tokatov77@mail.ru, G.Iliasova@mail.ru)*

*ORCID ID: 0000-0002-6289-8325,
Scopus Author ID: 57197811182,
Researcher ID WOS: AAR-6742-2020*

Мемлекеттік тілді заңның тілі ретінде қалыптастыру

Мақалада елімізде заңдардың ресми орыс тілінде әзірленіп, қабылдануынан кейін мәтінін мемлекеттік тілге аударудың салдары туралы мәселелер талқыланған. Авторлар мемлекеттің егемендігіне тұрақтылық беретін қасиеттің бірі ретінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру өте маңызды екеніне көз жеткізген. Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған заңның мәтініндегі дұрыс емес әрі түсініксіз аударылған баптарды құқыққолдану тәжірибесінде қолдануда қиындықтар кездесетіні мәлім. Сонымен қатар ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), ҚР Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), ҚР Кәсіпкерлік кодексі, ҚР «Қайырымдылық туралы» Заңының орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндеріндегі теңтүпнұсқалық қағидасына сәйкес келмейтін кейбір қате аудармаларды айқындап, олардың дұрыс аудармалары ұсынылған. Қате аудармалардың орын алу себебі заң шығару процесінде заңдық техника талаптарының, соның ішінде, заңдық лингвистика бойынша заңдық терминологияларды аударуда бірізділіктің сақталмауынан деген қорытынды жасалған. Мақала авторлары заңдардың қазақ тіліндегі мәтіндерінен анықталған қате аудармаларға талдау жүргізе отырып, мемлекеттік тілімізді заңның тіліне айналдырудың құқықтық тетіктерін ұсынған. Қорытындыда осындай құқықтық реттеу тетігін орнату жолымен ғана мемлекеттік тілді заңның тілі ретінде қалыптастыру мәселесін шешу қажеттігі негізделген.

Кілт сөздер: мемлекеттік тіл, мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесі, заңның тілі, қазақ тілі, заңдық техника, Азаматтық кодекс, заңдарды аудару, заңдық терминология, теңтүпнұсқалық, заң лингвистикасы, лингвистикалық сараптама.

Kipicne

Отанымыздың егемендігін жариялағалы отыз жылдан астам уақыт өтсе де оның шынайы құндылығы мен нәрін тата алмай отырғанымыз айдан анық. Бұлай деп айтуымыздың басты себебі, заңгер болған соң қазақ тілінде заң шығару мен оларды қабылдаудағы проблемаларды тілге тиек етпекпіз. Мемлекеттің егемендігіне тұрақтылық беретін үш қасиет бар, егер олар қоғамда басты құндылық болып танылса, онда мемлекеттегі егемендіктің шынайы лебі соғып, мемлекеттің рухани құндылықтары ерен орын алып, ел дамуына орасан ықпал етеді. Ал олар дамымаса немесе олардың дамуына атүсті қарап, құр қағаз жүзінде шаруасын дөңгелетіп, шынайы өмірде олардың дамуына мемлекет тарапынан бөлінетін қыруар қаражатты құмға құйылғандай қаралса, онда мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болады. Сонымен, елдің тәуелсіздігі алдымен қоғамдағы ұлттық негізді қалыптастыратын үш басты мәселемен тығыз байланысты. Оларға біз тіл, діл және дінді жатқызамыз. Бұлар қандай заманда болмасын ел егемендігі тізгінінің басты құралы болып табылған. Осылардың ішінде бастысы тіл аса ма-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: G.Iliasova@mail.ru

ңызды орын алады, себебі тіл дұрыс болса діл дұрыс болады, ал ділі дұрыс елдің діні дұрыс болады. Осы үш негіз ұлттың, мемлекеттің рухани тұтқасы, болашағының негізін қалыптастырушы басты құралдар. Егер осылардың мемлекетімізде дамуын дұрыс жолда ұстасақ болашақ жарқын болары ақиқат.

«Өзге тілде сөйлеу жаман емес, өзге тілде ойлау қауіпті» деген нақыл сөз бар халқымызда. Себебі адам қай тілде ойласа оның ана тілі сол болары ақиқат. Тілі мен ойы бұзылған қоғамда діл мәселесі құлдырайды, ал ол өз алдына қоғамда ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптық ұстанымдардың негізі болатын рухани болмысымызды жояды. Себебі халықтың ділі жойылса оның сенім нанымы дүбәрә күйге ұшырайды. Ал оның салдары қандай проблеманы туындатып жатқанын қазір күнделікті өмірде көріп жатырмыз. Мәселен, ажырасу, тастанды бала, адамдар арасында аяусыз жауыздық, күншілдік, менмендік және тағы да басқа толып жатқан келеңсіз жағдайларды айта беруге болады. «Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау — үлкен қылмыс. Этика, эстетика дегендердің тым нәзік сырларын әр халық өз тілінде ғана еркін түсінсе керек», – деген екен ұлағатты сөздің авторы Ғабит Мүсірепов [1].

Міне, осы орайда біздің көңіл бөлгелі отырған бұндай түйткілді мәселеміз — қоғамдық қатынастарды реттеуші заңның тіл мәселесі. Тарихқа үңілер болсақ, алпауыт көрші Қытай елінің атақты ғұламаларының бірі Конфуцийге егер ел билеу тізгінін берсе ең алдымен не істер едіңіз дегенде, ол тіл мәселесімен айналысар едім, – деп жауап берген екен. Себебі тіл барлық адамдарды біріктіретін ең қуатты құрал. Сонда Конфуций: «Бір ұлттың тілі бұзылса, сол ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы бұзылады. Егер бір ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы бұзылса, әділет және ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне душар болады. Қысқасы, бір ұлттың тілі бұзылса сол ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдай туылудан бұрын алдын алу өте маңызды», – деген екен [2].

Қазақ халқында «Өз тілің — бірлік үшін, өзге тіл — тірлік үшін» деген асыл сөз бар. Қазақ тілі — халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Отыз жылдық егемендігімізді атап өткенімізбен қазақ тілі мәселесі әлі де көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Өз елінде өгей орын алып отырған қазақ тілі қазіргі таңда қарын аштыратын мәселе екендігі сөзсіз шындық. Отыз жылдық егеменді ел болғалы Парламент қабырғасынан не бәрі екі ғана заң қазақ тілінде қабылданған. Оның бірі 1997 жылы Әкім Ысқақтың ықпалымен әзірленген «Көші-қон туралы» заң және екіншісі — Фариза Оңғарсынованың бастамасымен дайындалған 2002 жылғы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы [3]. Осы мысалдың өзі жеткілікті, егеменді еліміздің тілі өз жерінде өгей күй кешіп отырғаны өкінішті жайт.

Әдістер мен материалдар

Мақаланы жазу барысында талдау, жалпылау, зерттеушілік, салыстырмалы-құқықтық, жүйелілік әдістері қолданылды. Азаматтық заңдардың орыс тілі мен қазақ тіліндегі мәтіндеріне салыстырмалы-құқықтық лингвистикалық сараптама жүргізу арқылы алынған нәтижелерге талдау әдістемесін қолдану заңдық техника талаптарының сақталмағандығын айқындады.

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері), Құқықтық актілер туралы 2016 жылдың 6 сәуірдегі ҚР Заңы, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі туралы 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ, Қайырымдылық туралы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V ҚР Заңы, заң техникасы мен тіл мәселесіне арналған заң ғылымы әдебиеттерінде, мерзімдік басылымдарда жарияланған отандық және ресей ғалым-заңгерлерінің, ғалымдардың, атап айтқанда, Г.А. Ильясова, Қ. Бектаев, Т.В. Кашанина, Н.Л. Власенко, С.В. Утенков, В.М. Барановтың еңбектері аталмыш зерттеудің материалдық негізін құрайды.

Талқылаулар

Заңның қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылуын және оның сапалылығын қамтамасыз ететін әдісі — заңдық техника болып табылады.

Заңдық техника — бұл заңдық құжаттарды құрастырудың әдістері, құралдары, тәсілдерінің жиынтығы [4; 26].

Нормативтік құқықтық актілерді сәтті дайындаудың шарты жобаланатын нормалардың тиісті сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жерде олардың құқықтық, лингвистикалық, логикалық жақтарын жетілдірудің жоғары деңгейіне жету туралы айтып отырмыз.

Заңдық техника тұрғысынан нормативтік құқықтық акт жобасының сапасы, оның құқықтық, тілдік, логикалық және әлеуметтік құрамдас бөліктері оның мынадай талаптарға сәйкестігін болжайды: нормативтілік, толықтығы, нақтылығы, жүйелілігі, дәлдігі, айқындылығы, қарапайымдылығы, қысқалығы (үнемділігі).

Тілдік талаптар норма белгілеушінің еркін білдіретін тілдің лексикалық құралдарын дұрыс қолдануға бағытталған [5; 58]. Біз нормативтік грамматикалық сөйлемдер, құқықтық фразеологиялық бірліктер, сөздер мен аббревиатуралар және т.б. туралы айтып отырмыз.

Құқықтық норма мәтінінің негізгі тілдік бірлігі — нормативтік грамматикалық сөйлем. Ол нормативтік құқықтық актінің мәтінін ұйымдастырудың заңдылықтарына бағынады және құқық нормаларын білдіру тәсілі ретінде әрекет етеді. Норма берушінің еркі мен мүдделерінің сәйкестік деңгейі көбінесе ұсыныстың техникалық сапасына байланысты.

Құқық шығармашылықтың заңдылығы — бұл синонимдердің минимумына деген ұмтылыс, ол нормативтік мәтіннің мазмұнын біркелкі түсіну мен қолданудың шарты ретінде дәлдік пен айқындыққа негізделген.

Шет тіліндегі лексикаға келетін болсақ, қазіргі уақытта құқықтық реттеуде ол барған сайын белсенді позицияларды алады. Бұл орыс лексиконында қолданылатын басқа тілдерден алынған терминдер. Шет тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін қолданудың жалпы ережесін келесідей тұжырымдауға болады: нормативтік құқықтық актінің жобасының мәтінін шет тіліндегі лексикамен шамадан тыс жүктемеу керек. Нормативтік құқықтық актілерде шет тіліндегі терминологияны шамадан тыс өте көп пайдалану құқықтық нормаларды түсінуде қиындықтар туғызады, сөздіктерге, басқа анықтамалық әдебиеттерге жүгінуге мәжбүрлейді. Әрине, шет тілінен енген терминнің мәнісін жоғалтып алмас үшін оны заң мәтінінде аудармай қолданған ыңғайлы. Дегенмен, ретсіз қолдана берудің өзі заңның тілін түсініксіз етеді.

XIX—XX ғасырлар тоғысындағы еуропалық заң ғылымы толқынында заң техникасы ұғымы категориялық аппаратқа тоғысып, құқықтық позитивизмнің танымалдығы зерттеушілердің құқық тілі, заң шығару сапасы мәселелеріне, басқа техникалық-құқықтық мәселелерге және құқықтық техника ұғымын қалыптастыру мен зерттеудің теориялық негізіне айналды [6; 8].

Техникалық-құқықтық әдістер мен ережелердің құқықтық ішкі немесе сыртқы жағына бағдарлануына байланысты заң техникасының екі түрін айтуға болады:

- құқық нысанын жетілдіру техникасы (құжаттарды жасаудың тілдік, стилистикалық, графикалық ережелері; тәсілдері заңды рәсімдердің тиімділігін арттыру, қаражат құқықтың түсінігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету);

- құқық мазмұнын жетілдіру техникасы. Құқықтық техниканың бұл бөлігі құқықтық реттеудің оңтайлы құралдары мен әдістерін таңдауға, алдын-ала реттеудің барабар белгіленуіне, заңда олқылықтар мен қақтығыстардың болмауына жауап береді, тиімді заңды қақтығыстарды шешуді жетілдіру [7; 39].

Заңдық техниканың қазіргі таңда аса көңіл бөліп отырған саласы заңдық лингвистика ғылымы болып табылады. Тіл мен заңды зерттейтін саланы заң лингвистикасы деп атайды. Заңдық лингвистика мемлекет тілін мемлекеттің тіл саясатының объектісі ретінде және құқық тілін заң саласына қызмет студия элементі ретінде зерттейді. Тіл — мемлекеттің қалыптасуына ықпал ететін негізгі компоненттердің бірі. Сонымен қатар, «біртұтас тілдік кеңістікті сақтау — ел бірлігін сақтаудың кепілі» ел ішінде жүргізіліп жатқан тіл саясатының көптеген кезеңдерінің бірі [8].

Отандық заң шығару тәжірибесінде заңдардың басым көпшілігі орысша қабылданып қазақ тіліне аударылып, содан кейін қолданысқа беріледі. Ал қазақ тіліндегі заңдардың мәтіндерінің аудармасы қазіргі таңда сын көтермейді. Осы заң саласында аударма шаруасына келсек, тағы бір күрделі мәселе заң терминдерімен байланысты. Құқықтану саласындағы терминдерді аударудың маңызды ерекшелігі және тиісінше лексикографиялық жұмыс саласында аса үлкен назарды құқықтың ерекшелігі және кәсіби тілдің ерекшелігін түсіну, тәжірибеде көп кездесетін түсініксіз терминдер жұмыс істейді, көп мағыналы сөздер, білімнің басқа салаларындағы терминдер, синонимдер, ауызекі тіл, жаргондар, архаизм және т.б. заң қолдану тәжірибесінде көптеген тәжірибелік алаңдатушылықтар туғызады.

Осы жоғарыдағы жағдайларды анықтай отырып, мемлекеттегі қоғамдық қатынастардың дұрыс әрі сапалы қалыптасуына басты ықпал тигізетін құрал сол қатынастарды құқықтық реттейтін заңдар екенін ескеруіміз керек. Олардың қазіргі таңдағы отанымыздағы жағдайын анықтау арқылы шынайы көрінісін анықтап, болашағын түсінуге болады. Отандық қатынастарды құқықтық реттеуді жүзеге асыратын заңдар мәселесі аса елеулі жағдайлардың бірегейі болып табылады. Себебі қоғамдағы қа-

лыптасатын қатынастар жан-жақты әрі нақты реттейтін заңдармен қамтылған болса онда, қоғамдық қатынастар нақты әрі әділ реттеледі. Осы орайда басты зерттеуге алып отырған мәселе қоғамдағы азаматтық қатынастардың құқықтық реттелуі және оны реттейтін азаматтық заң саласының жалпы жағдайы мен қазақ тілінде қалыптастырылатын нормалардың сапасын зерделеу қазіргі таңның елеулі мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші басты құрал заң болып табылады. Егер осы заңдар сауатсыз қабылданып, үнемі қайшылықтарға толы болса, оны қолданушылар мен олардың арасында қалыптасатын қатынастар шиеленістерден бас көтертпейтін болады. Заңгер мамандардың қазіргі таңдағы басты мәселелерінің бірі қазақ тілінде қалыптастырылған заңдарды түсіну мен түсіндіру. Егер басшылыққа алынатын заңдардың өзі қате жазылатын болса, онымен қандай қатынастарды реттеп жарытамыз деген сұрақ туындайды.

Нәтижелер

Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуіріндегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетілген, ал 3-тармақшасында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» делінген [9]. Олай болса, біз зерттеуге алып отырған азаматтық құқық саласын реттейтін Азаматтық кодекстің мәтініне көз жүгіртіп көрелік. Соның негізінде бұл талаптардың, яғни қазақ және орыс мәтіндегі аударылымдардың теңтүспалығы, қаншалықты сақталғанын анықтаймыз.

Заң саласындағы аударма мәселесіндегі елең еткізер қателіктер аз емес, солардың бірі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің Жалпы бөлімінің 6-бабында көрсетіледі, бұл бап «Азаматтық заң қалыптарының түсінілуі» деп аталған, алайда дәл осы Кодекстің орысша баламасында «Толкование норм гражданского законодательства» деп жазылған, бұл жердегі көзге оттай басылатын қателік «норма» сөзінің қазақша аудармасында «қалып» деп аударылуы [10]. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 1-бабының 18-тармағында «құқық нормасы» сөзіне «реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жекедара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы» деп түсініктеме береді [9]. Көріп отырғанымыздай, бұл жерде «норма» сөзі қазақ мәтіндегі аудармада «қалып» деген сөзбен аударылмаған. «Қалып» сөзі әдеби тілде белгілі бір мағына берсе, ресми заң тіліне сәйкес келмейді. Сол себепті заңның мәтіндегі заңдық терминдерді әдеби сөздерді қолданып аудару дұрыс емес деп ойлаймыз. Әсіресе, шет тілінен енген кірме сөздерді аудармай сол бетінде қалдырған жөн де есептейміз. Бірақ, шет тіліндегі термин халықаралық қолданыста болып, оны аудару мәнісін жоғалтатын болса ғана аудармаған жөн.

Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Жалпы бөлім) 24-баптың, 34-баптың 5-тармағында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) 406-баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес, орысша мәтіндегі «законодательные акты» деген сөздер түрліше аударылған, бір жерде «заң актілері», ал екінші бір жерде «заңнамалық актілер» немесе «заң құжаттары» деп берілген. Осы сөздердің мағынасы бірдей болғанымен, бірізділікті сақтау мақсатында Кодекстің толық мәтіні бойынша «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес «заңнамалық акт» деп қолданылған орынды болар еді деп санайды мамандар [9].

ҚР Азаматтық Кодексінің 42-бабының 6-тармағында қарастырылған «рынок» деген сөз үйлесімсіз деп есептейміз. Қ. Бектаев еңбегінде «рынок» сөзі «нарық» деп аударылады [11]. Тиісті өзгерістерді «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңында қолданған жөн деп санаймыз.

ҚР Азаматтық Кодексінің көптеген баптарында «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «адам» деп аударған, бұл азаматтық құқықтық доктринасы тұрғынан қате болып есептеледі [12; 73]. Мысалы, орыс тіліндегі мәтіндегі 16-бапта «Өкілдік» туралы «Сделка, совершенная одним лицом (представителем) от имени другого лица (представляемого) в силу полномочия...» деген сөйлемінде «лицо» деген сөзді қазақ тіліндегі мәтіндегі: «Басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің)» «адам» деп аударған. Негізі «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «тұлға» деп аударған дұрыс. Сонда жоғарыдағы мәтін келесі түрде рәсімделеді: «Басқа тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан бір тұлғаның (өкілдің)» деп жазылса құқықтық қатынастағы субъектілер ауқымы шектеліп қалмайды. «Лицо» сөзін «адам» деп аударсақ азаматтық құқықтағы өзге де субъектілер бұл қатынастың қатысу-

шылары бола алмайды, сол себепті «тұлға» дейтін болсақ оның құрамына жеке тұлғалар, яғни адам, сонымен қатар заңды тұлғалар, мемлекет кіреді. Бұның негізінде осы нормаларда анықталып отырған субъектілер қатары шектелмейді [13].

ҚР Азаматтық кодексінің 167-бабының 4-тармақшасына назар аударар болсақ, Азаматтық кодекстің орыс тіліндегі мәтініндегі: «командованием соответствующих воинских частей» деген сөйлемді қазақ тіліндегі мәтінінде «әскери бөлімдердің командованиясы» деп қате аударған. Бұл жердегі орыс тіліндегі мәтіндегі «командованием» деген сөзді қазақ тіліне мүлдем аудармай кеткен [10]. Егер қазақ тіліндегі мәтініндегі аудармасын өңдер болсақ дұрысы: «әскери бөлімдердің қолбасшылығымен» деп аударылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 173-бабында «Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің басталуы» деген сөйлемінде орыс тіліндегі мәтініндегі «Начало срока, определяемого периодом времени» деген сөйлеміндегі «определяемого» деген сөзді «белгіленетін» деп аударған. Ал «белгіленетін» деген сөзді орыс тіліне аударар болсақ «устанавливаемое» деген сөз болып аударылды. Сол себепті орыс тіліндегі мәтіндегі «определяемого» деген сөзді «анықталатын» деген сөзбен ауыстыру керек, сонда жоғарыда көрсетілген 173-бап қазақ тілінде келесі түрде жазылуы тиіс: «Уақыт кезеңімен анықталатын мерзімнің басталуы» [10].

Азаматтық кодекстегі 188-баптың «Меншік құқығы ұғымы және оның мазмұны» 1- тармақшасында «Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі», — деген сөйлеміндегі «жүктемелерімен» деген сөз орыс тіліндегі мәтініндегі «обременениями» деген сөздің аудармасын береді. Негізінде бұл сөзді қазақшаға аударғанда «ауыртпалықтарымен» деген сөзбен аударылып, жоғарыдағы сөйлем дұрысында 188-баптың 1-тармақшасында «Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық ауыртпалықтарымен басқа адамға беріледі» деп жазылуы тиіс [10].

Азаматтық кодекстің 286-бабында «Бірнеше несие беруші немесе бірнеше борышқор қатысатын міндеттеменің орындалуы» деген атауда көрсетілген «несие беруші» сөзі кодексте әр түрлі нұсқада көрініс табады. Мысалы, 286-бапта «несие беруші» деп аударылған, «Жеке кәсіпкердің банкроттығы» 21-баптың 3-ші тармағында «кредитор» деп сипатталады. Бұл соңы емес, дәл осы кредитор сөзі Азаматтық кодекстің мәтінінде 46 рет жазылған екен, ал «несие беруші» сөзі 221 рет жазылған. Егер заң шығару нормаларды қалыптастыру барысында терминдердің бірізділігі қағидасын ұстанбайтын болса, құқыққолдану тәжірибесіне өзінің кері ықпалын тигізері сөзсіз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің «Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы» 189-баптың 2-тармақшасында «Затты күтімсіз және заңсыз ұстаған адамға мүлікті күтіп ұстауға жұмсаған шығындары өтелмейді» деген сөйлемінде «күтімсіз» сөзін орыс мәтініндегі «недобросовестно» деген сөзінен аударған, ал «недобросовестно» деген орыс сөзін қазақшаға аударсақ «жосықсыз» деген сөзімен аударылған және ол Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде «жосықсыз» деп аударылып жазылған [14].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің «Кепілге салынған мүлікті күштеп алу салдары» атты 324-бабында орыс мәтініндегі «предмет» деген сөзі «нәрсе» деген сөзбен аударылған. «Нәрсе» сөзін орыс тіліне аударғанда «вещь» немесе «что-то» деген аудармалар береді. Ал бұл аудармалар осы және кодекстің өзгеде баптарындағы қолданысына мүлдем сәйкес келмейді. «Предмет» сөзінің ресми аударма сөздіктеріндегі сөзі «пәні» деп аударылады [10]. Сол себепті Азаматтық кодекстегі «предмет» деген орыс тіліндегі мәтіндегі сөзі ресми тілде «пәні» деп аударылуы тиіс.

Азаматтық кодекстің «Кепілдік берушінің және кепіл болушының жауапкершілігі» атты 332-бабының орыс мәтініндегі «неустойка» деген сөз қазақ тіліндегі мәтінінде «айыпақы» деген сөзімен аударылған. Орнына «тұрақсыздық айыбы» деген сөзбен аударған дұрыс деп есептейміз. Себебі «айыпақы» сөзін орыс тіліне аударғанда «штраф» деген мағына береді [10].

Жалпы, ҚР Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі баптарын оқитын болсақ, мәтіндерінен «пәні» деген сөздің «нысанасы» деген аудармасын кезіктіруге болады. Мысалы, бұл сөзді 619-баптың 5-тармағынан кездестіреміз, онда «міндеттеме нысанасы» делінген, осы баптың орыс тіліндегі нұсқасына назар салсақ «предмет обязательства» деп жазылған. Құқықтану ғылымында «предмет» сөзі «пән» деп аударылып, қолданысқа ие. Сонымен қатар, сөздіктерде «нысана» сөзі «цель» деп аударылады, мағынасы тұрғысынан екеуі мүлдем сәйкес келмейді [15]. «Предмет» сөзі көп мағыналы сөз, сол мағыналар арасынан лайықты сөзді тауып қолдануға болар еді. Ресми тілге «нысанасы» сөзі мүлдем үйлесімсіз, осы «нысанасы» сөзін тек Ерекше бөлімнің өзінде 17 баптан 77 рет байқауға болады

екен, олар: ҚР АҚ-нің 566, 571, 631, 719, 720, 721, 722, 723, 730, 731, 732, 871, 1108, 916, 910, 1113, 1120-баптары.

Сонымен қатар, Азаматтық кодекстің «Кепілдік берушінің өзіне несие беруші талаптар қойған жағдайдағы құқықтары мен міндеттері» атты 333-бабында «предъявлен иск» деген орыс тіліндегі мәтіндегі сөзі қазақ тіліндегі мәтінде «қуыным» деген сөзімен аударылған. Оның орнына «талап қою» деген сөзбен ауыстыру заң техникасы тұрғысынан орынды деп есептейміз. Екінші жағынан, ҚР Азаматтық процестік кодексіндегі «талап қою» терминімен бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді.

Көптеген жоғары оқу орындарының оқытушыларын және заңгерлерді толғандырып жүрген, Азаматтық кодекстегі тағы бір қате аударма — «Қайырмалдық» атты 516-бап. Бұл баптың орыс тіліндегі нұсқасынан қарайтын болсақ, «пожертвование» деп жазылған. Бұл жердегі «пожертвование» деген сөзді қазақ тіліне «қайырымдылық» деп аударған жөн.

Енді осы «қайырмалдық» сөзін зерттеп көрейік. «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңының 1-бабының 4-тармағында «ерікті қайырмалдық» ұғымына былай деп анықтама берген: «Пайдаланушыларға олардың ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін күнтізбелік жыл ішінде бір мәрте берілген, тұлғалардан түскен ақша, сондай-ақ өзге де мүлік». Алайда, дәл осы баптың 5-тармағында «қайырымдылық» ұғымына анықтама былай деп берілген «қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, филантропиялық, демеушілік және меценаттық қызмет, сондай-ақ кіші отанға қолдау көрсету түрінде ерікті, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет» деп анықталған [16]. Азаматтық кодекстің Ерекше бөліміндегі 516-бапқа зер салатын болсақ, осы баптың 1-тармағында «Қайырмалдық азаматтарға, емдеу, тәрбие беру мекемелеріне, әлеуметтік қорғау мекемелеріне және басқа да сол сияқты мекемелерге, қайырымдылық, ғылыми және оқу мекемелеріне, қорларға, мұражайлар мен басқа да мәдениет мекемелеріне, қоғамдық және діни бірлестіктерге, сондай-ақ мемлекетке және осы Кодекстің 111 және 112-баптарында аталған азаматтық құқықтың басқа да субъектілеріне жасалуы мүмкін» [17] делінген екі анықтамаға да көз жүгіртсек Азаматтық кодекстің 516-бабындағы анықтамасына «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 5-тармағындағы анықтама сай келеді. «Қайырымдылық» пен «қайырмалдық» сөздерінің арасында мағыналық тұрғысынан айтарлықтай айырмашылық болмағанымен түсіністік тұрғысынан құлаққа жағымды «қайырымдылық» сөзінің қолданылуын дұрыс деп санаймыз.

Қорытынды

Сонымен, жоғарыда қарастырылған мәселелер бойынша заңдардың қазақ тіліндегі мәтіндерінен анықталған қате аудармаларға талдау жүргізе отырып, қорытылған тұжырымдар келесідей:

Біріншіден, ҚР Конституциясындағы 7-баптың 2-бөлімін алып тастау ұсынылады. Тек қана осы жағдайда заңдар қазақ тілінде қабылданып, мемлекеттік тілімізді заңның тіліне айналдыра аламыз.

Екіншіден, мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесін айқындайтын «Мемлекеттік тіл туралы» заңды қабылдау қажет, онда мемлекеттік тілді заң шығару тілі ретінде бекіту қажет. Бұл заңдардың мәтінінің сапалы болуына кепілдік беретін алғышарт болады. Қазақ тілінде қабылданған заңдарды өзге тілге аудару жөнінде ереже бекітуге болады.

Үшіншіден, «Мемлекеттік тіл туралы» заңда мемлекеттік билік және басқару органдарында іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізілетіні және қажет болған жағдайда басқа тілдерге аударма қамтамасыз етіледі деген ереже орнату қажет деп санаймыз.

Осындай құқықтық реттеу тетігін орнату арқылы ғана біз мемлекеттік тілді заңның тілі ретінде қалыптастыра аламыз. Әйтпесе, орыс тілінде қабылданған заңдарды аударумен, оның қателіктерін түзетумен күй кеше береміз, яғни, заңды аударудың жетегінде кете береміз.

Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша ИРН АР09259787 «Мемлекеттік тілдегі нормативтік-құқықтық актілердің сапасын қамтамасыз етудің теориясы және тәжірибесі (азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамалары саласында)» тақырыбы бойынша дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ғабит Мүсіреповтің тіл туралы нақыл сөздері [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyr/asyil_soz/32084/ (жүгіну күні 09.03.2023).
- 2 Конфуций. Елге басшы болсам, ұлттың тілін жөнге салар едім [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/20673/> (жүгіну күні 09.03.2023).
- 3 28 жылда екі-ақ заң қазақ тілінде қабылданды [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://abai.kz/post/101303> (жүгіну күні 10.03.2023).
- 4 Кашанина Т.В. Юридическая техника в сфере частного права (корпоративное и договорное нормотворчество): учеб. пос. / Т.В. Кашанина. — М.: Норма; ИНФРА-М, 2016. — 288 с.
- 5 Власенко Н.Л. Язык права / Н.Л. Власенко. — Иркутск: Вост.-Сиб. кн. изд-во, 1997. — 173 с.
- 6 Нормотворческая юридическая техника / под ред. Н.А. Власенко. — М.: Юстицинформ, 2011. — 310 с.
- 7 Юридическая техника. Техника juridical techniques: учеб. / под ред. д-ра юрид. наук, проф., заслуж. деятеля науки РФ В.М. Баранова. — М.: Проспект, 2021. — 648 с.
- 8 Утенкова С.В. Юридическая лингвистика как новое научное направление: актуальные проблемы / С.В. Утенкова. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://scienceforum.ru/2016/article/2016026457>.
- 9 «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылдың 6 сәуірдегі ҚР Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүгіну күні 09.03.2023).
- 10 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгіну күні 09.03.2023).
- 11 Бектаев Қ. Сөздік = Словарь. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік = Большой казахско-русский, русско-казахский словарь [Электронный ресурс] / Қ. Бектаев. — Алматы: Алтын қазына. — 2007. — 712 с. — Режим доступа: <https://www.marwin.kz/kazahstanskie-slovari-18731/bektaev-bol-shoj-kazahsko-russkij-russko-kazahskij-slovar.html> (дата обращения 09.03.2023).
- 12 Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері / Г.А. Ильясова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. — 2022. — №3 (107). — Б. 71-78.
- 13 Ильясова Г.А. Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер [Электрондық ресурс] / Г.А. Ильясова // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. — 2017. — №1 (46). — Б. 155-163. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf
- 14 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375/375_1.htm (жүгіну күні 10.03.2023).
- 15 Русско-казахский словарь. Словарь предназначен для перевода слов или фраз. Для произвольных текстов. «sozdik.kz». [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://sozdik.kz/> (Дата обращения 10.03.2023).
- 16 Қайырымдылық туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V ҚРЗ. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000402>.
- 17 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_.

Р.А. Тоқатов, Г.А. Ильясова

Формирование государственного языка как языка закона

В статье обсуждены вопросы о последствиях перевода текста законов на государственный язык после разработки и принятия на официальном русском языке в нашей стране. Авторы убеждены, что повышение статуса государственного языка как одного из принципов, придающих стабильность суверенитету государства, имеет первостепенное значение. Как известно, в правоприменительной практике возникают трудности в применении неправильно переведенных с русского на казахский язык статей в тексте законов. Авторы, в качестве примера, выявили некоторые некорректные варианты переводов, не соответствующие принципу аутентичности в текстах Гражданского кодекса РК (Общая часть), Гражданского кодекса РК (Особенная часть), Предпринимательского кодекса РК, Закона РК «О благотворительности» на русском и казахском языках, и предложили свой вариант переводов на государственном языке в текстах законов. Кроме того, сделан вывод о том, что причина некорректности переводов заключается в несоблюдении в законотворческом процессе требований юридической техники, в том числе и юридической лингвистики относительно юридической терминологии. Авторами настоящей статьи предложены правовые механизмы формирования государственного языка как языка закона, с образцами часто употребляемых словосочетаний, оборотов речи и т.д., с конкретным указанием выявленных ошибочных переводов из текстов законов на казахском языке. В заключении обоснована необходимость решения вопроса формирования государственного языка как языка закона путем установления указанного выше механизма правового регулирования.

Ключевые слова: государственный язык, правовой статус государственного языка, язык закона, казахский язык, юридическая техника, Гражданский кодекс Республики Казахстан, перевод законов, юридическая терминология, аутентичность, юридическая лингвистика, лингвистическая экспертиза.

R.A. Tokatov, G.A. Ilyassova

Formation of the state language as the language of the law

The article discusses the consequences of translating the text of laws into the state language after their development and adoption in the official Russian language in our country. The authors are convinced that raising the status of the state language is of paramount importance, acting as one of the principles that give stability to the sovereignty of the state. As is known, in law enforcement practice, difficulties arise in the application of incorrectly translated articles from Russian into Kazakh in the text of laws. As an example, the authors have identified some incorrect translations that do not correspond to the principle of authenticity in the texts of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (general part), the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (special part), the Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan, the Law of the Republic of Kazakhstan “On Charity” in Russian and Kazakh, and offer correct translations in the state language in the texts of laws. It is concluded that the reason for the incorrect translations is the non-compliance in the legislative process with the requirements of legal technology, including the requirements of legal linguistics for the translation of legal terminology. The authors propose legal mechanisms for the formation of the state language as the language of the law, by analyzing the identified erroneous translations from the texts of laws in the Kazakh language. In conclusion, the necessity of solving the issue of the formation of the state language as the language of the law is justified only by establishing such a mechanism of legal regulation.

Keywords: state language, legal status of the state language, language of the law, Kazakh language, legal technique, Civil Code, translation of laws, legal terminology, authenticity, legal linguistics, linguistic expertise.

References

- 1 Gabit Musirepovtin til turaly naqyl sozderi [Proverbs about the language by Gabit Musirepov]. *massaget.kz*. Retrieved from https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/32084/ [in Kazakh].
- 2 Konfutsii. Elge basshy bolsam, ultyn tilin zhonge salar edim [If i were the leader of the country, i would set the language of the nation]. *massaget.kz*. Retrieved from <https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/20673/> [in Kazakh].
- 3 28 zhylda eki-aq zan qazaq tilinde qabyldandy [In 28 years, two laws were adopted in the Kazakh language]. *abai.kz*. Retrieved from <https://abai.kz/post/101303> [in Kazakh].
- 4 Kashanina, T.V. (2016). *Yuridicheskaya tekhnika v sfere chastnogo prava (korporativnoe i dogovornoe normotvorchestvo)* [Legal technique in the field of private law (corporate and contractual rulemaking)]. Moscow: Norma; INFRA-M [in Russian].
- 5 Vlasenko, N.L. (1997). *Yazyk prava* [The language of law]. Irkutsk: Vostochno-Sibirskoe knizhnoe izdatelstvo [in Russian].
- 6 Vlasenko, N.A. (Ed.). (2011). *Normotvorcheskaya yuridicheskaya tekhnika* [Rule-making legal technique]. Moscow: Yustitsinform [in Russian].
- 7 Baranov, V.M. (2021). *Yuridicheskaya tekhnika. Tekhnika juridikalnykh tekhnik: uchebnik* [Legal technique. Legal techniques Textbook]. Moscow: Prospekt [in Russian].
- 8 Utenkova, S.V. (2021). *Yuridicheskaya lingvistika kak novoe nauchnoe napravlenie: aktualnye problemy* [Legal linguistics as a new scientific direction: actual problems]. *scienceforum.ru*. Retrieved from <https://scienceforum.ru/2016/article/2016026457> [in Russian].
- 9 “Quqyqtqy aktiler turaly”. Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2016 zhylygy 6 sauirdegi N 480-V QRZ. [“On legal acts”. The Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016 No 480-V LRK.]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z16000004804> [in Kazakh].
- 10 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq Kodeksi (Zhalpy bolim). Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi 1994 zhylygy 27 zheltosandagy N 268-XIII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Enforced by the Decree of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994]. *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061#activate_doc=2 [in Kazakh].
- 11 Bektaev, K. (2007). *Sozdiik = Slovar* [Dictionary]. *Bolshoi kazakhsko-russkii, russko-kazakhskii slovar* [Russian Russian-Kazakh dictionary is a large Kazakh-Russian dictionary]. *www.marwin.kz*. Retrieved from <https://www.marwin.kz/kazahstanskieslovari-18731/bektaev-bol-shoj-kazakhsko-russkij-russko-kazakhskij-slovar.html> [in Kazakh, in Russian].
- 12 Ilyassova, G.A. (2022). Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq protsestit kodeksinin qazaq zhane orys tilderindegi matinderinin tentupnysqalygyn qamtamasyz etu maseleleri [Issues of ensuring the authenticity of the texts of the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan in Kazakh and Russian languages]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Pravo — Bulletin of the Karaganda University. Law Series*, 3 (107), 71-78 [in Kazakh].

13 Пыасова, Г.А. (2017). Заңнамалық актілердің мәнін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер [The urgent problems connected with the translation of the text of acts to the state language]. *Qazaqstan Respublikasy zañnama institutyyny zharshysy — Bulletin of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan*, 1 (46), 155-163. www.iz.adilet.gov.kz. Retrieved from: http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf [in Kazakh].

14 Qazaqstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi 2015 zhylgy 29 qazandagy N 375-V QRZ [Business Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 No. 375-V LRK]. *adilet.zan.kz* Retrieved from [https://adilet.zan.kz/docs/K1500000375/375_1.Htm_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375/375_1.Htm_) [in Kazakh].

15 Russko-kazakhskii slovar. Slovar prednaznachen dlia perevoda slov ili fraz. Dlia proizvolnykh tekstov. «sozdik.kz» [Russian-Kazakh dictionary. The dictionary is designed to translate words or phrases. For arbitrary texts. “sozdik.kz”]. *sozdik.kz*. Retrieved from https://sozdik.kz_ [in Russian].

16 Qaiyrymdylyq turaly Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2015 zhylgy 16 qarashadagy N 402-V QRZ [The law of the Republic of Kazakhstan on charity dated November 16, 2015 No. 402-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000402> [in Kazakh].

17 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi (Erekshe bolim). Qazaqstan Respublikasynyn 1999 zhylgy 1 shildedegi N 409 Kodeksi [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part). Code of the Republic of Kazakhstan No 409 dated July 1, 1999.]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_ [in Kazakh].